

## САРЫ САМАУЫР

Айжанды елден алып қайтқалы екі айдан асқан. Екі айда, іштен шыққан шұбарды қойып, өгейдің де тас бауыры жібитіндей кез еді, бірақ мына жұдырықтай қыздың жүрегі тоң боп қатып қалғандай – айналайын деп асты-үстіне түсіп тұрған Тел жанға да, құлыным деп құрақ ұшып жүрген Гүлсанға да жыли қояр түрі жоқ. Екі айда үйдің баяғы қоңыр тірлігі де біраз өзгерген. Бұрын қара суды да қанағат тұтып отыра беретін бұларға енді дастарқанның түр-түсі де уайым: елден келген балаға ет керек, аққа үйренген ауызға сүт қажет – іздейсің де жүгіресің, жүгіресің де табасың. Осы құйтақандай қыз үшін Гүлсанның да ертелі-кеш жарғақ құлағы жастыққа тимейді, көзін тырнап ашып тұрысымен оны жуындырып, киіндіріп, жеңіл-желпі тамақтандырып алады да, өзімен бірге қызметке жетелей жөнеледі. Жетелей жүріп, базар-дүкен аралап, кеш кісін тор дорбасын тәтті-дәмдіге толтырып та қайтады. «Құдайым-ай, не бақша жоқ, не бағатын адам жоқ, осы қызды сүмендетіп сүйреумен-ақ жүйкем тозып біттім ғой», – деп кейде кейіп келеді. Кейіп отырып Телжанға тиіседі. Құлақ етті жер баяғы гөй-гөйі: «Баланы жөргегінде шырылдатып сен бергенсің шешеңе. Бәрі сенің кесірің». Бұл үндемей тынады. Үндемесе де іштей сезеді: Гүлсанды қинайтын – қисыны келмеген бақшаның аз күндік қиындығы емес, тас емшекті жібітіп, тар құрсақты кеңітіп туған жалғыздың әлі күнге өзінен жатырқап, қарадай жасқанып тұратыны сияқты. Сыртқа сыр білдірмегені болмаса, Телжанның да жанын жегідей жейтін осы жай. Алғашқы кезде: «Жаңа ортаны жатсынып жүрген шығар, біртіндеп үйренер, бауырға кірер, енді бізден безіп қайда барады?..» деп ойлаған. Бірақ, амал не, Айжанның әзірге «айналайынға» алданып, «құлынымға» құлап түсер сыңайы білінбейді, қашан көрсең бұлардан үркектеп, үдірейіп тұрғаны. Үйде жүрсе, именіп, артық қадам баспайды. Дастарқанға келсе, әр тағамды түртіп көріп, шұқып қана дәм татып, әйтеуір, өлмес тоятын табады да, үнсіз тұрып кетеді. Сосын жүзін төмен салған күйі қонақ бөлмесіне кіреді де, жұмсақ диван үстінде күн ұзақ

шоқияды да отырады. Мұндайда өзің сөзге тартпасаң, өздігінен бір ауыз тіл де қатпайды, тұр десең – тұрады, жүр десең – жүреді, құдды мақау адам сияқты. Ешкім жоқта егіліп тұрып жылап ала ма, кім білсін, кей түндері көз алды ісіңкіреп қалғанын Телжан талай байқаған. Жылап демекші... өткен бір күні ол болмашыға ботадай боздап, бұны қатты абыржытқаны бар.

Бірде кешкісін бұл сырттан кіре бере бір түкпірден тұншыға шыққан Айжанның даусын естіген. Төргі бөлмеге жетіп барса... ол диванға етпетінен түсіп, екі иығы солқылдап, өксіп жатыр екен. «Не болды, күнім, кім тиді саған?» – деп шашынан сипай беріп еді, ол қолын қағып жіберді де, мұрнын қорс-қорс тартып, үнін тіптен үдете түссін. Сыңсығанда даусы сай-сүйегінді сырқыратады. Жұбатайын десе, бұны жанына жуытар емес, қолы тиер-тиместе кірпідей жиырыла қалады. Екі кештің арасында қайда кете қалғаны белгісіз, үйде Гүлсан да жоқ екен. Әбден амалы құрыған бұл шамды шыр айналған сайтан көбелектей диван жанында ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Тым болмаса, Айжанның неге жылап жатқанын білмей ді. Кейде тұншыға сыбырлап: «Тарағым! – дейді үздігіп. – Тарағым-ай!..» Телжан тарағы несі деп таңданып тұрған мезетте, сырттан тыпыңдай басып Гүлсан кірген.

– Сен бе?! – деді бұл салған жерден. – Бұны жылатқан сенбісің?!

Ол жауап орнына кішкентай қол сумкасынан жап-жаңа жасыл тарақты суырып алып, ербеңдеп жатқан Айжанның қолына ұстата қойған.

– Жаным-ау, міне, тарағың... Жаңа тарақ... Жаңа сатып әкел дім, мінеки. Қойшы енді, жыламашы!

Айжан өксігін сәл басып, тараққа қарап алды да, оны кенет лақтырып кеп жіберді.

– Тарағым, – деді сосын тағы булығып. – Қара тарағым!..

Телжанның сонда ғана есіне түсіп еді. Айжан елден келгелі жанынан екі елі тастамайтын жаман қара тарағы бар-ды. Сиыр мүйізінен жұқалап кесіп жасаған, тістері сынып, жүзі әбден мүжілген сол ескі тарақтың не құдіреті барын кім білсін, Айжанның ол түнде қойнынан, күндіз қолынан түскен емес. Және бір қызығы, Айжан онымен бес тал шашын тарағаннан

гөрі кір-кір жүзін тәмпіш танауына тақап, иіскеп отыруы көп еді. Мұндай кезде Гүлсанның алақандай беті тыржиып, жиіркене қалатыны да есінде. Бала енді сол тарағын іздейді, соған бола өксіп жатыр булығып.

– Қайда? – деді бұл Гүлсайға зілдене дауыстап. – Әлгі қара тарағы қайда бұның?!

– Мен оны мусорға тастай салып ем, – дейді ол абыржып. – Жұмыстағы әйелдерден ұят, тегі... Кірі бес елі затты мұрнына тығып...

– Тап!.. Жерге тығып жіберсең де тап баланың тарағын. Пыс-сық!

Жеті жыл бір ошақтан түтін түтетіп отырып Телжаннан мұн дай сөз естіп көрмеген ол сыртқа сыздана шығып кеткен де, сәлден кейін мыжырайған қара тарақты қасына әкеп тастай салған.

Сол күні екеуі алғаш рет бөлек жатты...

Бала деген періштенің тым ыстық, тым тәтті екенін де бұл алғаш рет осы түнде сезгендей...

Айжанның тұла бойды күйдірген ып-ыстық демі, тық-тық соққан жүрегінің лүпілі, пыс-пыс еткен нәзік демалысы – бәрі-бәрі де бұны бір рахат күйге бөлеген. Өстіп жатып, неге екені белгісіз, Айжанның қолындағы әлгі жаман тарақты бұл да емірене иіскеп еді. Одан жаңа сауған сүттің бе, айранның ба, әлде қураған сүрі шөптің бе, әйтеуір, бір жағымды иісін сезді. Оны иіскеген сайын ұйқысы шайдай ашылып, жүйежүйесі босап, көңілі біртүрлі бұзыла берді де, өксіп тұрып жы лағысы келді. Әлденені аңқасы кеуіп аңсайтын сияқты, бірақ нені аңсайтынын түсінбейді. Әлдебір алтынға бермес асы лын жоғалтып алғандай болады, бірақ не жоғалтып, неден айырылып қалғаны және есіне түспеген... Не заматта кірпігі ілініп кеткен екен, түсінде... қызық-ау, бұның бала кезінде босағада ірк-ірк етіп тұратын баяғы қара сабаны көрді. Бүкіл ауыл сапсып ішкенде сарқылмайтын құтты қара саба еді ол... Иә, апасы сол сабаның аузынан бұған саумал құйып тұр екен дейді. Бірақ кемерінен толған тостағанды бұл енді ерніне тигізе бергенде... біреу оны шап беріп жұлып алады да: «Жетед! – дейді аларып. – Қалғанын интернаттан ішесің». «Тағы ішейінші, тағы кішкене», – деп бұл

жалына дауыстап, оянып кеткен. Оянған сәтте кәдімгідей шөлдеп жатыр екен. Ерні кеберсіп, таңдайы құрғап қалғандай. Алакөлеңке бөлме ішінен дәл жаңағы саба иісін сезгендей болды. Тіпті тура танауының тү бі нен қытықтайтын секілді. Қойнына тығыла түскен Айжанның жұп-жұмсақ шашынан иіскеп еді, міне, ғажап!.. Саумал иісі содан аңқиды. Күніне бес рет жуса кетпеген бұ не деген иіс десеңші!.. Телжан жайлап тұрды да, ас үйдегі краннан сарылдатып су ішті. Хлор тұнып қалған ба, аш өзегін бірдеме тіліп өткендей болды. Осы мезетте есіктен Гүлсанның ұйпатұйпа басы көрінген. Кешегі сызы бетінде әлі кілкіп тұр екен. Ерте тұрып зыта жөнеле ме дегендей:

– Күлге аунап тапқан балам жоқ, әкемін десең, қызынды сен де сүйреп көр! – деді де, бұрылып жүре берген. Бұнысы – Айжанды қызметке ерте кет дегені еді.

Амал жоқ, ерте кетті. Ерте кеткеніне қуанды да. Өйткені Айжанның да балдай тәтті күліп, балаға тән сөйлей білетінін Телжан алғаш рет сонда байқаған. Қалай дейсіз ғой?.. Бұның көптен бері көрмеге дайындап жүрген «Әже» деген портреті бартұғын. «Әже» дегені – түнде ғана түсінде қара сабадан саумал құйып беретін, айналайын, осы Айжанның апасы еді. Шеберханаға кірген бойда ол көп суреттен көзі соған түскенде:

– Апа! – деген айқайлап. – Апам менің! – Портрет жанына жүгіріп барды. – Апам!.. Бұл – менің апам! – деді қуана жымыып. Жымыған кезде албыраған бетіне кіп-кішкентай шұқыр үйіріле қалады екен. Телжан еріктен тыс оны жерден тік көтеріп алып, шашынан иіскеп, маңдайынан сүйді де:

– Иә, сенің апаң, – деді даусы қалтырап. – Ол қазір алыс-алыс таулардың ар жағында саған алтын мүйізді елік іздеп жүр.

– Жо-оқ, елік емес, – дейді Айжан дауласып. – Ол маған биік-биік таулардың ар жағынан алтын мүйізді киік әкелемін деп кеткен.

Телжан ернін тістеді. Бала кезінде сан естіген ертегісі де санадан сарғая көше бастапты. Сол ертегіні айтатын апасы да «биік-биік таулардың ар

жағына» емес, не бары ауыл сыртындағы кішкентай төбеге ғана аттанғанын, одан енді мәңгі қайтпайтынын қайран сәби қайдан білсін...

Бұдан кейін Айжан аз да болса бетін бері бұрғандай еді. Ертең-гілік елден бұрын оянып, әлдеқайда асығып тұрады. Телжан алдап-суласа, алдына қойған асты да тауысып ішіп алады. Сонан соң екеуі үй сыртындағы аялдамаға келеді де, автобуска мініп, сонау шеттегі шеберханаға тартып отырады. Әрине, Айжанды онда асықтыратын – апасының суреті. Өз бойындай ауыр портретті тыртындап сүйреп, бірде төрге апарып қояды, бірде күн жақ бетке жылжытады. Тағы бір мезетте онымен кәдімгідей күбір-күбір сөйлесіп жүреді. Кейде сәби жүрегі сағыныштан сыздап кете ме, суретке мұңая қарап отырып:

- Аға, ауылға қашан барамыз? – дейді Телжанға.
- Күзде, – дейді бұл.
- Күз қашан болады?
- Жапырақ сарғайғанда болады.

Ол терезе алдында желкілдеп тұрған жас терекке жабыға қарайды. Оның жап-жасыл жапырағы жуық арада сарғая қойма сын сезетін сияқты.....

Бұл Айжанның сөйлегеніне мәз, тағы бірдеме сұраса екен деп тілейді. Көңілі түскенде, ол әр нәрсенің басын шалып, өзінше тәп-тәуір әңгіме айтқан болады. Не керек, өстіп енді-енді ырыққа көне бергенде, қырсық қыздың тағы қыңырая қалғаны.

Демалыс күні түстікте бұлар шағын ас үйде шай ішуге кіріскен. Айжан әдеттегідей дастарқанға шұқып қана тиісіп, үстел шетінде бүйірі бұлтиып тұрған үш литрлік көк шайнекке көзі жаудырай қарап отырды да:

– Аға, – деді Телжанға жалынышты үнмен. – Самауырдан қа шан шай ішеміз?

Телжанның жүрегі дыз ете түсті. «Самауыр» деген сөздің өзі бұған соншама жылы, соншама сағынышты естілген. Осы бір ғана сөз қас қағым сәтте небір тәтті күндерін еске түсіргендей еді. Сосын сен не сезесің дегендей

Гүлсанға бұрылғанда, ол алтын тістерін жарқыратып, жайбарақат күле-еп отырғанын байқады. Күліп отырып:

– Немене, шайнектің шайы ішіңе батпай жүр ме? – деген өзін ше әзілдегенсіп.

– Шайнекпен шай ішпейді, – деді Айжан бұртиып. – Шайнекпен дәретке су жылытады.

– Не дейд?! – Сен оны қайдан көрдің?! – деп Гүлсан шоршып түсті.

– Апамнан... Апам «Сыртқа су жылытып шықпаған адам харам болады» дейді.

– Естиін дегенің осы ғой, – деп Телжан орнынан тұрып кеткен...

Сәтінде салқындау әсер еткенімен, Айжанның сөзіне бұлар аса мән берген жоқ-ты. Күйбең тірлікпен жүріп, тіпті оны ұмытып та кетіпті. Бірақ Айжанның есінде екен, ертеңінде таңертең пұшық шайнекке тағы жақтырмай қараған күйі:

– Аға, самауырдан қашан шай ішеміз? – деген мұңайып.

– Балам-ау, осы шайнектен самауырдың несі артық? Екеуінің де қайнататыны бір қара су емес пе? – деді Телжан таусылып.

– Жоқ, самауыр жақсы. Апам «Самауыр – кісі шақырады, кісі – үйге ырыс-несібе шақырады» дейді.

– Жерден шұқысаң да бір самауыр тапшы. Бұл үйге де ырыс-несібе қонар ма екен, – деді Гүлсан.

Телжан сол күні есіктен есік, тесіктен тесік қоймай, қаланы шыр айналып жүріп, ақыры айнадай жалтыраған бір кішкентай самауыр тауып қайтқан. Оған Айжан да қатты қуанған. Бірақ... қақпағын ашып жібергенде сілейді де қалды.

– Бұның оттығы қайда? – деді Телжанға көзі боталап.

– Бұл токпен қайнайды, балам... Міне, былай... – деп Телжан самауыр ішінен шнурын суырып алып, оның бір ұшын кіндігіне тықты да, көңілдене сөйлеп, дымқыл шүберекпен іші-сыртын сүрте бастады.

– Қазір бұған су құямыз, сосын тоққа жалғаймыз... Көр де тұр, бес-ақ минутта қайнап шыға келеді. Сонан соң мамаң үшеуіміз рахаттанып бір шай ішеміз бұдан!..

Айтқандай-ақ, оған сарылдатып су құйды... Ішегін шұбатып тоққа тықты. Бұл «жұмысты» бар пейілмен тындырғаннан кейін, өзіне риза пішінмен Айжанға бұрылған.

Ол ең соңғы үміті үзілгендей өңі бозарып, ащы өксігі өзегін өртеп тұрған-ды:

– Ап-пам!.. Са-ары самауыр, – деп қыстыға булығып Телжанның құшағына құлап түсті...

...Бұл күні түнде бір шаңырақ астындағы үш адам да көпке дейін көз ілген жоқ. Үшеуінің де қай-қайдағысын қозғаған баяғы сары самауыр еді..

\* \* \*

Сары самауыр десе, Айжанның ойына апасы оралатын.

Қалаға келгелі сол шүйкедей арық кемпірдің елесі есінен бір шыққан емес. Көзін сәл жұмса болды, ол: «Құлыным-ау», – деп бұған құшақ жая ұмтылып келе жатқандай болады. Енді бірде: «Шөлдедің ғой, күнім, жүрші, шай ішейік», – деп тура құлақ түбінен сыбырлап тұрғандай сезіледі. Шай есіне түскенде, бұның қарадай кезенесі кеуіп, қаталай шөлдеп кететіні бар. Бірақ шөлдемек тұрмақ өліп кетсе де, анау пұшық шайнектің сылдыр суы бұған сусын болып па?! Ал апасының шайы – нағыз шай еді, шіркін! Қанша адам ішсе де өңі бұзылмайтын, не өмірі суып болмайтын сол шайды ішкенде, бұның да кішкентай мұрны тершіп, денесі от боп қызып, әй, бір рахатқа батушы еді. Бәрінен де сондағы апасының әңгімесін айтсаңшы. Ол мына Гүлсан тәтесі сияқты дастарқан басында тымырайып қатып қалмайды, бұнымен тең адамдай сөйлесіп, емен-жарқын сырласып отырады.

– Әй, сен осы алты жасар баламен алпыстағы кемпірдей сөй-лесетінің не? – дейді атасы кейде бұлардың сөзіне күліп.

– Бұған айтпаған сөзімді кімге айтамын, атасы-ау, бір мезгіл үйде шер тарқата қоятын қай шүйкебасың қалды? Кетті емес пе бәрі бытырап. Бұған әңгіме айтсам, мен тегін айтпаймын, бірдемені ұғып қалсын, біліп қалсын деймін. Бізден кейін қандай сөз еститінін кім біледі, – дейді апасы.

Сонан соң оң жағында екі құлағы делдиіп, екі иінінен демігіп тұратын күбідей сары самауырға үстеп шоқ салып қойып, шайын қайта демдейді. Шоқ салған кезде сары самауырға да қайта жан бітіп, оттығы ызылдап ән салып, қақпағы селкілдеп, билей жөнеледі. Сол сәттегі қарағай шоғының шалқыған лебі қандай?! Ып-ыстық болып бет шарпиды. Сол сәттегі апасының қызылжүрең шайы қандай?! Ішкен сайын пора-пора терлетіп, жүйе-жүйенді босатады.

– Міне, апасының баласы! – дейді атасы. – Дәл өзі сияқты бусануын қарашы. Түбінде сары самауырға ие боп қалатын осы шығар.

– Е, бұ жарықтыққа кім ие боп қаларына кімнің көзі жеткен? – деп апасы күрсінеді. – Көзімнің тірісінде келіндердің біріне тапсырып кетейін десем, ондай сенімдісі болмай тұр ғой. Бәрі жаңашыл. Бәрі алдымен оңайға қарай жүгіреді. Ескіні көрсе мұрындарын шүйіреді. Жарқыным-ау, ескінің де есепке алары болатынын сол бәтшағарлар неге түсінбейді? Өзің білесің, жылқыдағы келінің былтырдан бері биені тоқпен сауа бастапты. Апырат деген бәлесі сүтті үрпіден қан аққанша сорып алатын көрінеді. Сиырды сиыр дейік, ал адам есті жылқыға обал-ай десеңші! Қара шаңырағымыздың құты болған қара сабаны да соларға бердік. Оны да лақтырып тастап, орнына қымызды тоқпен пісетін темір кеспек қойыпты. Тот татыған қымыздары кімге дәрі сонда? «Шырақтарым-ау, бұларың не?» десем: «План ды кім орындайды?» дейді ауыздары қисайып. Сондай адам дар сары самауырды сақтай алады дейсің бе? Пішту!

Қалай десе де, апасы осы сары самауырды қатты қастерлейтіні рас: «Үйімнің берекесі, дастарқанымның падишасы ғой», – деп қашанда сыртына шаң, ішіне қақ жуытпайды. Аппақ шүберекпен бипаздап сүртіп, ысқылап жуа берген соң өзі де, шіркін, алтындай жарқырап, жалтылдап тұрғаны. Жал тыл



дап тұр ған бүйірінде қаз-қатар тізіле қалған бармақ басындай бес медаль дін бедері де сары самауырдың беделін көтере түскендей. Оларды қай уақытта, қалай алғанын апасы, әрине, білмейді, бірақ мақта нышпен қайталап отырар бір сөзі: «Кейінгі самауырдың бірінде мұндай медаль жоқ...» Бұдан Айжанның түйетіні: медалі жоқ самауыр – нашар самауыр, нашар самауырдың шайы да нашар. Апасының шайын ішуге адамдардың көп келетіні де сондықтан.

Расында, бұлардың үйінен қонақ үзіліп көрген емес. Жақыннан жаяулап, алыстан атқа мініп, небір адамдар келіп жатады, кетіп жатады. Түстеніп өтеді, түнеп қалады. Олардың біріне қабақ шытар және апасы емес, үлкен демей, кіші демей, сары самауырды сарқылдатып ортаға қояды. Айтатыны: «Қонаққа кел демек бар, кет демек жоқ. Ата салты солай». Кей күндері апамның шайын сағындық десіп, жан-жақтан аға-жеңге лері де сау ете түседі.

– Ішіп қалыңдар, ішіндер... Мен кеткен соң әлі-ақ қаңсып шөлдейсіңдер, жазғандар, – деп апасы қалампыр иісі аңқыған аққұйрық шайын оларға баппен құя бастайды.

Сары самауырдан бірер кесе шай ішкен соң аға-жеңгелерінің де құрыстырысы жазылып, әзіл-күлкі әңгімеге көшеді. Мұндайда, әсіресе, желдей есіп отыратын – Күлзипа тәтесі. Келіннің үлкені болғандықтан ол ойындағысын ірікпей төгіп, именбай сөйлейтіні бар.

– «Кетем-кетем» деп-ақ қорқытып біттің ғой, апа, – дейді ол сыңғырлай күліп. – Сен кетсең, артында қалар қара орманың бар. Қара орманың қара сусыз қалмасын десең, сары самауырды қазірден маған қалдырып кет.

– Дәмеңнің зорын! – деп апасы ернін сылп еткізеді. – Оның құлағын ұялмай ұстар қай жөнің бар сенің? Жалғыз ұлыңнан басқа жағалай шай ішіп отырар не балаң жоқ, не табалдырығыңды тоздырып жатқан адам жоқ. Біреудің төбесін көрсең, төбе шашың тік тұрады. Мұндай адамға күбідей сары самауыр не керек, жаман шәугім жетеді де.

– Ой, апа-ай, түкке тұрғысыз дүниенді тым бұлдайсың-ау, те гі, – деп Күлзипа тәтесі де өзеуреп қоймайды. – Осы бір ескі сама уырды несіне ардақтайсың соғұрлы?..

– Е-е, шырағым, өзегің талып, кенезең кеуіп көрмеген сен бұның қадір-қасиетін қайдан білесің?.. – дейді апасы. – Осынау ұзақ ғұмырымызда біз татпаған дәм, біз тартпаған мехнат бар ма? Заманында бүкіл дастарқанымыз кеуіп қалған кезде де суы сарқылмай, тіршілігімізге нәр жүгірткен осы самауыр ғой. Жатқан жерің жаннат болғыр, марқұм апамыз бүкіл дүниесін бір уыс бидайға айырбастаған күнде де тек аман қалған осы самауыр еді. «Самауыр кісі шақырады, кісі ырыснесібе шақырады» деуші еді ол кісі. Осы сөз есіме түссе, бала кезімдегі бір оқиға көз алдымда көлбеңдейді де тұрады... Көктемнің көкөзек шағы еді. Үйде екі тал қу қабырғадан басқа жүрек жалғар ештеңе қалмаған. Бар үмітіміз – қыс ортасында қалаға кіре тартып кеткен әкеміздің тезірек оралуы ғана. Шиет тей-шиеттей үш бала күні бойы есік алдында отырып, жол қараймыз. Сары самауырды түтіндетіп қойып, жанымызда шешеміз жүреді күйбеңдеп. Әкемізді күте-күте оның да екі көзі төрт болған. Бірақ құр суды қайнатудан бір жалықпайды, самауыр орталай бастаса, үстеп толтырып қояды да, жас шөмшекті оттығына тағы кептей түседі. Жас шөмшектің түтіні будақ-будақ көтеріліп, тым алыстан көрінеді. Өстіп отырғанда бір күні сонау күре жолда ілби басып бар ажатқан жалғыз адамның қарасы байқалған. Кім де болса, бері бұрылса екен, келсе екен деп ойлаймын. Маған сол кісінің қойнында бір үзім ыстық күлше кетіп бара жатқандай болады. Тілеуің бергір, не заматта ол түтінді көзі шалды ма, таяғына сүйеніп біраз тұрды да, сосын сүйретіле басып бері жылжыды... Сақал-мұрты өсіп, әбден жүдеген егделеу адам екен. Көзі көз емес, үңірейген екі тесік сияқты. Екі тесіктің ар жағында болар-болмас бір сәу ле ғана жылтырайды. Сол сәулеге қамыға қарап отырған шешеміздің де көзінен мөлдіреп жас тамған. Жасты көзін сүрте жүріп, өзінше ас қамына кіріскен. Ас дегені – баяғы екі тал қа бырға мен қыста мүжіп тастаған қу сүйектер еді. Соларды жиып-теріп, қазанға қайнатып, қара

сорпасын аузына тосқанда, бейшара жанның бетіне сәл де болса қан жүгіргендей болды. Сонан соң дорбаның түбін қағып салған соңғы шайымыздан бірер кесе ыстық сусын ішті де, ол тағы да сүйретіліп жүріп кетті. Ертеңнен енді үміт жоқ, ішіміз бұратылып біз қалдық. Сары самауырға сарғая қарап шешеміз қалды мұңайып. Бұдан соң атар таң, татар дәміміз таусылғандай еді... Жоқ, таусылмапты. Кешкі алакөлеңкеде ескі тонды жамылып, пеш жанында бұйығып жатыр едік, біреу үйге сүріне-қабына кірді де, иығындағы ауыр затын жерге гүрс еткізіп тастай салған. Қарасақ, манағы мүсәпір жан. «Ниеттерің түзу екен, құрдас, түзу екен. Тезірек қазан көтер» дейді ол қалбалақтап. Көзінен жасы парлай ағып, бізді де қайта-қайта сүйе береді, бейшара... Сөйтсек, мана біздің үйден недәуір ұзап шыққан соң, ол жолай тұзаққа түсіп жатқан бір елікке кезігіпті де, өле жегенше бөле жейін деп кері қайтқан екен ғой... Міне, шырақтарым, сары самауыр соны да көрген. Кейін ит басына іркіт төгілген мамыражай заман туды. Үлкенді сыйлаған, өлімді сыйлаған, қонақ құрметтеген айналайын халқымның асыл салтымен бұл шаңырақта небір жиын өткіздік. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, оң жаққа арулап жатқызып, қара жамылып қаза да талай жөнелттік. Ақ босағамызды қуанышқа кенелтіп, келін де түсірдік, немере де сүйдік қаншама. Соның бірінде сарқылып көрмеген сары самауыр ғой бұл. Атамның сөзін естіп, апамның көзін көрген кәрі тарланым – киелі затым бұл менің. Ендеше, бұны неге құрметтемеймін, неге ардақтамаймын?! Сақтай білсеңдер, сендердің де талай әжеттеріңе жарайды әлі.

– Әр нәрсе өз заманымен сәнді емес пе, апа. Жаңаның жанына ескіні теліп қайтеміз? – дейді Күлзипа тәтесі.

– «Күні өтсе – күмістен де құн кетер» деген, бұныға да дауым жоқ. Бірақ күні өткеннің бәріне күле қарау жөнсіз. Ескінің де асылы, жаңаның да жасығы болады. Ең бастысы, ескі мен жаңадан бұрын жақсы мен жаманды ажырата білсеңдер боп ты да, – деп апасы бата бергендей бетін сипайды. Сосын бос кеселерге шай құйып отырып, тағы:

– Апамыз тым ақылгөй боп барады деп сөкпеңдер. Мың жасайтын құзғын емеспіз, біз де бір күні кетерміз. Кетер адамның сөзі көп болады, – дегенді қосып қояды.

Апасының осы «кетемізі» Айжанға қатты ұнаушы еді. Өйткені ол «кетеміз» десе болды, екеуі күніне бір-ақ қатынайтын кішкентай көк автобуска мінетін де, көрші ауылдағы ағайынтуыстарына аттанып жүре беретін. Ондай кезде ешбір үйден құрқол шыққан бұл емес. Біреулер көйлек кигізеді, енді бірі әдемі ойыншық сыйлайды. Қант-кәмпитке де қарық боп қалады. Несін айтасың, апасымен бірге жүрген рахат еді ғой, шіркін! Бірақ, амал не, сөйткен апасы бір-ақ күнде бұны жалғыз қалдырып, әлдеқайда зым-зия жоғалып тынған. Қазір ойласа, жы лағысы келеді, кетерінен бір күн бұрын екеуі ауылдың қыр жел кесінде отырып, қалай әңгімелесті десеңші.

...Көкпеңбек қырат. Көгілдір аспан. Етекте көкшіл түтіні сыздықтай көтеріліп жатқан момақан ауыл. Сай табанында сылдырай аққан өзеннің сарыны естіледі. Апасы аппақ түбітті шүйкелей созып, жіп иіріп отырды. Аппақ түбіттің қылшығын тазалап, Айжан жүрді жанында. Төменде, сырық сілтем жерде қияқ басын кірт-кірт үзіп, көк ешкі жүрді жайылып. Көктемнен бері көкең келеді деп осы ешкіні күн сайын көкке шығаруды апасы әбден әдет қылып алған.

– Япыр-ай, биыл да келмес пе екен? Әй, келер... келіп қалар. Бізді сағынбаса да соңында қалған тұяғы бар ғой, – деді апасы күрсініп.

– Кімді айтасың, апа? – деді бұл.

– Көкеңді де, құлыным.

«Көкең» дегені – Телжан ағасы еді. Бұрын екі сөзінің бірінде: «Жаман ағаң, ынжық Телжан», – деп сарнай беруші еді, енді биыл «көкең» дегенді құлағына құя түсетін болған. Айжан ол «көкесін» небәрі екі-ақ рет көрген-ді. Мүмкін, одан көбірек те шығар, алайда есінде қалғаны: бірде қыс айында жалғыз келген ол бір-ақ түнеп аттанып кеткен де, екінші рет алдыңғы жылы жазда Гүлсан тәтесі екеуі ұзағырақ болып қайтқан. Сонда бұны жандарына

алып жатқанда, түн ортасында шырқырап жылап, апасын әзер тапқаны есінде.

– Баяғыда сені бекер алдым-ау осы... Бекер-ақ болды, – деді апасы әлден уақытта. Бұл жалт қарап еді, ол біреумен сөйлесіп отырғандай еріндері күбір-күбір етіп тұрғаны байқалды.

– Кімді апа? Мені ме?

Бұл сөз құлағына жетпеген секілді, шүйкесін саумалай созып, өзінше сыбырлап сөйлей берген. Онысы ап-анық естіліп те тұрды.

– ...Жазатайым көзім жұмылып кетсе, күнің не болар екен, құлыным? Жөргегінде ыстық құшақтарын көрмеген соң, енді кімді әке, кімді шеше деп танырсың? Ес білгенше есеңгіреп жүресің де, баяғы...

– Апа десе, не деп отырсың? – деп бұл оны құшақтай алған.

– Жайша ғой, құлыным, жайша... Әншейін, көкеңді ойлап кеткенім... Келші, одан да шашыңды тарап берейін, – деп ол бұны алдына отырғызды да, қос өрім шашын қайта тарқатып, қара тарағымен асықпай тарай бастады. Өстіп ұзақ тарай берер ме еді, кім білсін, бұның құлақ түбін қытықтай жылжып бара жатқан мүйіз тарақ желке тұсына жете бере кілт сусып түсіп кеткен.

– Не болды, апа? – деп бұл оған оқыс бұрылып еді, апасы сол жақ омырауын алақанымен басып, қинала тыныстай қалыпты. «Ештеңе емес, қазір басылады» дегендей ақырын ғана бас шайқап қойды. Сонан соң не заматта еңсесін ептеп көтеріп:

– Қорықпа, құлыным, кәрі жүректің ескі назы емес пе, – деді терең дем алып. – Жетпіс бес деген аз ғұмыр емес, шаршағаны да байғұстың. Кей күндері тепкілене соққанда, кеудемді тесіп жібере жаздайды. Сірә, көп ұзамай көз көрмеске аттанатын шығармын, балам.

– Ол қандай жер, апа? – деді бұл. Апасы бұл сұраққа жауап бермес бұрын: – Анау әлгі... «Алтын мүйізді киік» деген ертегі есінде ме? – деді бұның жүзін өзіне бұрып.

– Есімде.

– Ерте ме, кеш пе, мен де сол киікті іздеп кетуім мүмкін. Сол кезде көкең мен тәтең де келеді қаладан. Саған көп-көп кәмпит әкеледі. Тек мені іздеп жылама, құлыным, жарай ма?

– Керек жоқ маған олардың кәмпиті! – деп бұл еңіреп жіберді. Апасы аймалай сүйіп, бауырына басты.

Ал ертеңінде таңертең... қатты айқай-шудан шошып оянған... Сыртта абыр-дүбір... Үйге біреулер топырлап кіріп жатыр... Әлдеқайдан әйелдердің сыңсып жылағаны естіледі... Бұл төсектен секіріп түсіп, ауызғы үйге жүгіре шығып еді. «Баланы әкетіңдер, баланы!» – деп біреу жолын бөгей берді... Бұдан әрі... көрші үйдегі домалақ тәтесі ту сыртынан құшақтай алып, сыртқа көтере жөнелгені есінде... Босаға тұсында сары самауырдың қисая құлап жатқанын біледі.

...Сары самауырдай сарғайып, эне, терезеден ай көрінді. Жас-тығын ыстық жасқа шылап, міне, Айжан жатыр көкесінің жанында. Ол да ояу сияқты. Ояу болса, не ойлап жатыр екен?..

\* \* \*

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген рас шығар, өмірі қыңқ етіп көрмеген апасынан дәл биылғы жылы көз жазып қаларын Телжан білген жоқ-ты.

Бәрі көз алдында... Гүлсан екеуі екі кештің арасында ауылға жеткенде, қара шаңырақ қазадан теңселе сыңсып тұр екен. Қоржын үйдің екі басы қарасақал, ақсақалға сықа толған. Ішінара қадау-қадау жастар да бар. Босағадан бұл боздап кіріп келгенде, қалың нөпір қақ жарылып, төрде шөке түсіп отырған атасына қарай жапырыла жол ашып еді. Орнынан үш ұмтылып әзер тұрған атасы бұны қапсыра құшақтап, еңкілдеп ұзақ жылаған да, бір мезет жанына отырғызып:

– Құдай тілеуімді бермеді, балам, – деді сақалынан жасы сорғалап. – Жаратқан иеме жатсам-тұрсам жалбарынып, қара кемпірімнің артына қалдыра көрме деп тілеуші едім, тыңдамады сөзімді. Сорлап қалдым ақыры

сормандай боп. Қырық жыл отасқанда бір рет атымды атамаған бейбақ шешеннен айырылды енді мәңгіге.

Жұрт бір демде күрсінді. Дастарқанның сонау шетінде сары самауырдан шай құя бастаған Күлзипа жеңгесі көзіне жас алды. Телжан да кірпігіне ілініп тұрған мөлдір моншақтарды іркіпіркіп жіберді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», кезінде апасының сол қасиетін кім білген, кім ескерген? Оның «Әй, шал-ау», «Телжанның көкесі-ау» деген сөздеріне бұл сонда мән берді ме? Қазір ойласа, ғұмыр бойы өз шалының атын атамай өту – неткен сыйластық, қандай құрмет десеңші! Апасының одан басқа да асыл қасиеті аз ба еді?!. Көлденең көздің алдында жалаңбас жүріп көрді ме ол? Құдайы келген қонақты құр ауыз шығарған ол ма екен? Қаралы үйдің қасынан қатты сөйлеп өтсе, кәнеки. Біреуге бұл – ертегі, біреуге түгел – сағыныш...

– Әр қазаның өз қайғы, өз өкініші болады, балам, – деді атасының жанында малдас құрып отырған Нұрғали шал. – Гүлдемей жатып солып түсер жас бар, қуарып барып, ырғалып құлар кәрі бар, алайда қара жердің қойнына кімді қиып бергейсің?.. Өкінерсің, жыларсың, өлгеннен бірақ қайыр жоқ... Дейтұр ғанмен, жасына жетіп, жапырағын төгіп өткен адамның арты жеңіл ғой. Шешен көзі тірісінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Үбірлі-шүбірлі, немере сүйді. Олардың бірі беті не жел боп тиген жоқ. «Құдай берерінді алса да, беделінді алмасын» деген, азды-көпті ғұмырында ол өз беделімен кеткен адам. Ақтық демі таусылғанша «апа» дегеннен басқаны естімей өткен жанда не арман, не өкініш болмақ? Ендеше, бұндай қазаның артын той деп біл, балам.

– Жөн сөз – осы.

– Енді артының қайырын берсін.

– Көрмеген қызығы болса, бала-шағасы көрсін, – деп шалдар жағы оны қоштап қойды.

Күлзипа жеңгесі жағалата кесе жүгіртті. Қызылкүрең шайды сораптап қойып, Нұрекең тағы сыздықтата сөйлеген:

– Япыр-ай десеңші, жарты сағаттың арасында тірі адамнан көз жазып қалам деп кім ойлаған?.. Сол күні деймін-ау, торы биемді тауып әкелейінші деп, таңсәріде мына шоқыға қарай өрлеп бара жатсам, қыр желкеде бір кемпір шоқиып отыр екен. Қарасам, осы үйдегі құрдас. «Ау, көзің боталап, шалыңды тосып отырсың ба?» дедім өзімше қалжыңдап. «Шалды қайтейін?.. Жоқ іздеп жүрмін, жазда әлгі... қаладағы ұл келер деп семіртіп жүрген бір ешкіміз бар еді, сол кебенек келгір қорадан шығып кетіпті» деді ол әр сөзін үзе сабақтап. Сосын және «Қартайдық па, немене... қарға адым жүру мұң болды. Жүрегім аузыма тығылып... осы биікке әзер шыққаным» деді.

Содан сүт пісірім уақыт өтті ме, өтпеді ме, торы биеге жайдақ мініп, әлгі жерге қайтып оралсам... құрдасым сол жақ омы рауын қолымен басқан күйі бір жағына қисайып жатыр. Өңі құп-қу. Еріндері болар-болмас жыбырлап, «Шалға... біздің шалға... жет» деуге тілі әзер келген. Тірлік деген сол, әне...

– Апам-ай, арызыңды да айта алмай кеттің-ау! – деп Күлзипа мырс-мырс етіп, қара жаулығының ұшымен көзін сүрткен.

Отырғандар үнсіз қалды. Тек недәуір уақыттан соң:

– Арызы бар, қалқам, – деді атасы. – Соңғы кезде ажал торып жүргенін сезді ме, «Өлсем – анау Қаратұмсықтың басындағы ескі зиратқа жерлендер» деп еді. Ата-бабамыздың сүйегі сонда ғой.

– Ол қиын шаруа емес, – деді Нүрекең ақ күмістей сақалын сау малай тарап. – Арамызда, міне, ауылдың басшысы отыр. Көлік тауып берсе, бес шақырым жер сөз бе, тәйірі?.. Апарамыз да қоямыз. Солай емес пе, Солтан?

Телжан жұрттың ортасынан орын алған қарабұжыр жігітке ұрлана көз салған. Солтан дегені – осы. Екеуі мектепте бірге оқыған. Біраз жылдан бері көрмеп еді, сары май салған бүйендей жұмырланып қалыпты..

– Қаратұмсық дейсіз, ә?.. – деді ол күмілжіп. – Қаратұмсық?.. Оған машина шығуы қиын шығар...

– Мәшине шықпаса, трактор шығады. Артына тележка тіркеу қиын ба?

– Ертең жұмыс күні дегендей... Сіздер де жағдайды қиындатып...



– Көкейіндегіні түсініп отырмын, шырақ, – деді Нүрекең. – Қол созым жердегі жаңа қорым тұрғанда сүйекті сонау тауға сүйреп не керек дейтін шығарсың. Бір есептен оның да рас, өлген адамға қайда жатсын – бәрібір. Бірақ біз деген – өлімді сыйлап, ананы ардақтап, үлкенді құрметтеп өскен халықпыз. Анау оң жақта жатқан марқұм кемпір – ата-бабаның сол жақсы салттарын өмірі сақтап өткен адам. Оның тірлігіндегі бір тілегін орындауға тиіспіз. Және бұл – діншілдік емес, өлгенге деген құрмет, ұрпағына деген ілтипат болса керек.

– Сонда маған не істе дейсіз?

– Ертең он екі шамасында бір тракторды бірер сағатқа босат... Сосын төрт-бес жігітті сүйекшіге сайла. Басқа тілегіміз жоқ.

– Ыңғайына қарай көрейік, – деді Солтан ерін ұшымен.

Ет желініп, құран оқылып, дастарқан үсті жиналғанша түн жарымынан ауған. Бұдан соң үйде ет жақын ағайындар мен бесалты шал-шауқан ғана қалып еді. Оң жаққа құрылған қызыл шайы шымылдықтың ар жағында Телжанның апасы жатты... Бер жағында қоңыр әңгімені қоздатып қарттар отырды. Үй іші күңгірт. Пештің бір иығында ербиіп тұрған білтелі шамның шынысын қап-қара ыс тұтқан. Шалдардың әңгімесі де көңілсіз еді. Айтатындары: өлім-жітім, ауыру-сырқау... жыл өткен сайын жердің тоза бастауы... жастардың жақсы салттарды ұмытып бара жатқаны... тағысынтағылар... Көпшіліктің көзі көбінде Нүрекеңнің аузында. Ол бүгінгі күннің өрісін біраз шиырлап келіп, бір мезет сөз төркінін сонау Абылай заманына бір-ақ тіреген.

– Сол заманда алты алашты аузына қаратқан атақты Қаз дауысты Қазыбек би де осындай жер қара, күн ыстықта дүние салған екен, – дейді ол ұзақ бір әңгіменің ұшын шығарып. – Ол уақытта бабаларымыз ең әйгілі деген хандары мен билерін сонау түстіктегі Түркістанға – Қожа Ахмет әулиенің қасына апарып жерлеген ғой. Осы дәстүр бойынша олар Қазекеңнің де мәйітін сол әулие жатқан мекенге – жер түбіне жеткізбекші болады. Ал қалай жеткізу керек?.. Күн ыстық, шыжыған шілде. Қазекең қайтқан Сарыарқаның

бір пұшпағы мен Түркістанның арасы – жарты айшылық жол. Ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұзақ жолда мәйітті бұзып алмай, аман-сау апарудың амалы қайсы? Бірақ... ықылым заманнан бері сахараның о жақ, бұ жағына кезек ауып жүрген қалың ел өздерінің көшпенді тұрмыстарына қарай небір қиындықтың кілтін таба білген ғой, бұның да тәсілін тауыпты. Марқұмның денесін шымқай ақ былғарымен қаптап, сыртынан аппақ киізбен орап, оны арулап зузаға салады да, қаралы топқа Бөлек батырды бас қылып, кешкі апақ-сапақта оларды алыс сапарға аттандырып салыпты... Сонымен бұл топ қоңырсалқын қараңғыда түні бойы суыт жүріп отырып, таң шеті сөгіле қай жерге табан тіресе, сол жерде терең ор қазып, сүйекті сонда сақтап қояды да, өздері күн батқанша тынығып жатады. Тыныққан жерде епсекті жігіттер сүйек сыртындағы ақ киізді үнемі салқын сумен шылап-сулап, дым бүркіп отыруды да ұмытпаған. Е-е, жарықтық киіздің қасиетін қазір екінің бірі біле ме? Баяғыда деймін-ау, жылқы бағып жүргенде, торсығымыздың сыртын ақ киізбен қаптап, оны суық сумен шылқытып қойсақ, ішіндегі сусынымыз шілденің шіліңгір ыстығында да сап-салқын боп тұрушы еді... Иә, сөйтіп Бөлек бастаған қаралы топ Сарыарқаның сары даласын артқа тастап, безеріп жатқан Бетпақтың шөлінен де аман өтіп, күндердің күнінде Қаратаудың бір қойнауына да жетеді. Жеткен жерлерінде әдеттегідей ор қазып, Қазекеннің денесін салқынжайға орналастырады да, өздері демалуға кіріседі. Неше күн жолсоқты боп шаршаған олар бастары жерге тие қалғып кетсе керек, не заматта күзетке қойған адамның «Ойбай, жау кеп қалды! Жау!..» деген ащы айқайынан бәрі атып-атып тұрады.

Расында, желке тұстағы жатаған төбеде жүз қаралы салт атты қиқулай құлап келеді екен. Жігіттер абыржып, бірі атына, бірі найзасына ұмтылады. «Тапжылмандар! – дейді тір лігінде талай қиқуды көрген Бөкең оларға. – Азар болса, жол торып, керуен тонап дәнiккен қарақшылар шығар. Қарақшы да қазадан аттап өткенiн көргенiм жоқ. Отырындар қозғалмай...»

Айтқандай-ақ, олар шаңдата шауып жеткенмен, бейғам отыр ған бұларды көргенде, іркіліп қалады. Дегенмен, алдымен келген біреуі атын

ойқастатып тұрып, «Кімсіңдер?! Қайдан жүрген кезбесіңдер топталып?!» деп тебіне түседі. Бөкең орнынан ептеп қозғалып, еңсесін тік көтерген күйі «Біз Қаз дауысты Қазыбек бидің сүйегін әулие басына әкетіп бара жатқан адамдармыз» дейді. Сонда әлгі кісі бетін тыржитып, «Бидің атын алға тартқан өңшең бейшара, Қазыбегің бізге не керек, бір сөзбен: «Сүйекшіміз» десең болмай ма?» деп бұрылып жүре беріпті дейді... Өлімді сыйлаған елдің өміршең салты, міне, осындай болған, – деп Нүрекең әңгімесін аяқтағанда, тауық шақырып, таң атқан.

...Таң ата совхоз кеңсесіне трактор сұрай кеткен Телжанның үлкен ағасы ұлы сәскеде бір-ақ қайтқан. Бос қайтқан. Солтан шұғыл шаруамен ауданға аттанып кетіпті. Оның рұқсатынсыз ешкім ешқандай көлік бере алмайды екен. Көлікті қойып, өлікті жерлеуге он шақты қараны эзер тауыпты. Жұмыстың күйіп тұрғаны мынау, жоспардың орындалмай жатқаны анау дейді.

Амалы құрыған атасы сонау Қаратұмсықтың басына көзі боталай қараған.

Қаратұмсықтың басында ата-бабасының сүйегі жатыр еді...

Түскен кейін ағайын-туған, кәрі-құртаңнан құралған біраз адам апасының сүйегін қол созым жердегі жаңа қорымға көтеріп бара жатты.

Есік алдында екі құлағы делдиіп, оттығы түтіндеп сары самауыр қалды...

\* \* \*

Ол самауыр қайнай-қайнай суы әбден сарқылып тұрғанын Гүлсан білген жоқ еді, үйге кіріп-шығып жүріп, кеңірдегін қызыл шоқпен кептей берген. Сосын бір әредікте неше күннен бері күтім көрмеген беті есіне түскен де, ауыз үйге ұрлана кіріп, алақандай айнасына қараған. Көп қараған. Қарап отырып, көз аумағына көк бояу жағып, кірпігін түзеген, қасын жұлған. Сол екі арада... сыртта аттан салған Күлзипаның ащы даусын естіген.

– Ойбай! Ойбай!.. Құрыды, бітті! – деген ол шырылдап. – Сары  
самауырдан айырылып қалдық, ағайын!.. Еріп кетті оттығы, балқып кетті  
бүйірі!.. Қайда әлгі келін?!. Тумысында түк көрмеген байғұс-ай!..

«Дура! – деді бұл тесіктен сығалап тұрып. – «Түк көрмеген» деуін!  
Сиырдың төрт емшегінен басқа сен не көрдің? Дура!..»

\* \* \*

...Сары самауырдай сарғайып таң атты.

Телжан сары кеспектен сүт әкелуге сыртқа шықты.

Гүлсан ас үйге кіріп, жаңа самауырды тоққа жалғамақшы боп тұрды да,  
сосын пұшық шайнекті газға қойды.

Энергияны үнемдеу керек еді.